

Көшпелі қоғамның билік тәртібіндегі рухани құндылықтар

Дәстүрлі қоғамды саяси, әлеуметтік және мәдени дамуы дәстүрлі құндылықтарға, салт-санаға негізделген әлеуметтік орта ретінде қарастырған жөн. Бұл қоғамда дәстүр өмірлік тәжірибені ұрпақтан – ұрпаққа жалғаудың, индивидтердің жеке дамуымен ерекшеленетін әлеуметтік сабақтастықтың негізгі ортасына айналды. Дәстүрлі қоғамда әлеуметтік жаңалықтар эволюциялық жолмен, біртіндеп жүзеге асады. Тарихи сабақтастық нышаны қоғамның даму үдерісінде қайшылықтарды ортақ дүниетанымдық түсінік басып отырды. Оның ішінде билікке қатысты дүниетанымның басым бөлігін идеялық түсінік қалыптастарды. Бұл ұғым мен түсініктер қоғамның сұранысынан туындап, шынайылыққа ұмтылуға негізделді. Мемлекеттің саяси институттары моральдік құндылықтарды сақтауға тиісті болды. Билік ұғымы туралы түсінік саяси тарихпен ұштасып жатыр. Саясатта билік тұжырымдамасы әр қырынан қаралады. Билік саясаттың саяси институттар мен барлық саяси орта қатынастарын айқындайды. Шығыстың көрнекті ойшылы Ибн-Халдун адамның басқа жан-жануарлардан ерекшелігі - ол билік үшін күреседі деген екен[1]. Ағылшын философы, қоғам қайраткері Бертран Рассель[2] физикада басты ұғым энергия болса, қоғамдық ғылымдарда негізгі ұғым билік болып табылады деген. Билік туралы мынандай тұжырымдамалар бар: теологиялық, бихевиористік, инструменталистік, структуралистік, конфликтілік. Сонымен билік деп біреудің екіншілерге әмірін жүргізіп, олардың іс-әрекеті, қызметіне ықпал етуін айтады. Бірақ биліктің толық мағынасы мемлекеттік-саяси салада ғана айқындалады. Биліктік қатынастардың ерекше проблемасы билік құрушы субъектінің басқару құқығына келіп тіреледі. Саяси ойлар тарихында бұл проблема әрдайым назарда болған және солай болып қала береді де. Өйткені, биліктік қатынастар субъект-субъектілік қатынас ретінде субъективті және ситуативті болғандықтан белгілі бір тұрақсыздықпен сипатталады. Осындағы тағы бір ескеретін жайт, өркениет тарихында биліктік қатынастар әр түрлі әлеуметтік негіздерге, әр түрлі тарихи көзқарастарға ие. Дәстүрлі өркениеттің саяси билік құрылымының әлеуметтік қатынастарға және рухани құндылықтарға ұласып жатты. Жоғары билік түсінігіне қатысты ортақ бір пікір айту өте қиын. Себебі бұл мәселе жеке билеушінің қабілеті мен моральдік бейнесі арқылы анықталды. Қазақтың тарихында билеушінің әлсіздігі немесе оның жауыздығы, данышпандығы мен ерлігі дәстүрлі ауызша тарих арқылы жетіп отырды. Осыған қарап, қанша ғасыр өтсе де халық оны осы қасиеттері арқылы еске алып отырды.

Дәстүрлі қоғамының жоғары билікке қатысты тұжырымдарының өзіндік ерекшеліктеріні басты көрінісі ретінде тұлғалық қабілеттің, әулеттік принциппен қатар жүруінде болып тұр. Шыққан тегімен қатар, билеушінің өз сөзіне елді көндіріп, қажетті кезеңде дұрыс шешім шығарып және сынды дұрыс қабылдайтын қасиеті басым болуы қажет. Зерттеулерде бұл биліктің түрін харизм тұрғысынан қарайды. Харизм билігінің және харизматикалық

көшбасшылыққа ықпал жасайтын екі негізгі феномен бар: билік және сөз бастау. Дәстүрлі қоғамда билік құралы сөзін өткізу, ел алдында өзінің ойын ұтқыр жеткізу тәсілдерін және соңынан жұртты ерте білу, сендіру қабілетін меңгерген тұлғаның сөзі іспен жалғасын табуы тиіс еді. Көшпелі қоғамдағы жоғары билік шынайы және ашық болды. Бойында елді сөзбен басқара алмайтын тұлға билігі әлсіз болды. Сондықтан болар Дала тарихында сөзге шешен, іске бекем ел билеушілері тарих беттерінде қалып отырды. Көшпелі қоғамының әлеуметтік ортасында сөз бен билік ұғымын харизммен қарау тиімді. Басқарудағы «харизм» ортағасырлық көшпелі қоғамның билік моделін тұжырымдауға мүмкіндік береді. Сол кезеңдегі шынайы саяси құрылымның және әлеуметтік жүйенің сипатын көрсетеді. Қоғамның өзге мүшелерінен ерекше қабілеті арқылы көзге түскен индивидке деген сенім, оның билікке жетудегі жолын салды. Жеке тұлғаның ел бастау қабілетін, қоғамының өз ішіндегі идеяларға адалдығымен қатар жүрді. Ерте дәуірден бастау алған жеке индивидтің харизмі биліктің риторикалық концепциясын айқындай түседі. Ораторлық қабілетті қолдану арқылы ел сеніміне кіру харизмдік биліктің негізі болды. Құндылықтарға бағытталған сөз шешендігі, ел алдындағы сөздің күдіретін қолданудың тәсілін сипаттау қазақтың ауыз әдебиетінде жиі кездеседі. Қазақтардың «сөз» деген түсінігінің астарында кез келгенді тоқтата алатын алғыр және нанымды нағыз шешендік өнері жатыр. Шешендік сөзден ақыл адамның рухани әлемінің қайнар көзі, рухани тіршілігінің әміршісі және өлшемі деген пайымдауды аңғарамыз. Жоғары билік иесінің қабылдаған шешімінің шынайлығы оның шындыққа ұласуында болып отырды. Қазақ арасында «сөз шынына тоқтайды, пышақ қынына тоқтайды», «өтірік сөз жарақат сияқты: жазылса да орны қалады» - деп ақиқатқа негізделген сөз күдіретін көрсетеді.

Ел алдына шыққан билеушінің міндеті ел мүддесін ортақ идеяға біріктіру болды. «Сөздің атасы-бірлік, -анасы -шындық» - түсінігі осы идеяның тірегі. Бұл орайда «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» деген мақал бар. Билеушінің ақыл-парасатының айнасы сөз болса, оның дұрыс шешім қабылдауы өзінің ақылына мойынсұну еді. Көшпелі қоғамның билеушісінің ақыл-парасатының сипатын философиялық тұрғыда қарастырған жөн. Кең мағынада алып қарасақ, ақыл – адамның адами болмысының түп-тамыры, түпнұсқа бітімі, адам субстанциясының маңызды бөлігі әрі оның айқындаушы белгілерінің бірегейі деп қарауға болады. Ал тар мағынада қарасақ – ақыл адамның пайымдау және ойлау қабілеті, танымдық тұрғыдағы талдау және қорытынды жасау, қорытындылау мүмкіндігін қамтамасыз ететін оның сапалық қасиеті. Философиялық тұрғыда әл-Фараби ақылды жалпы бес түрге бөліп қарастырды: теориялық, практикалық, ұмтылыстық, пайымдаушылық және сезімдік. Оның пікірінше, адам тек теориялық ақыл-қуаты арқылы ғана бақытты тани алатын болды. Дәстүрлі қоғамдағы жоғары билік жүйесі жағдайында теориялық ақылды ақиқатқа, әділдікке жету құралы ретінде қарастырған жөн. Осы тұрғыдан қазақ билеушілерінің нағыз ақиқатқа, әділдікке негізделген түп-төркінін біздің ұрпаққа дейін мирас болып жеткен халқымыздың шешендік сөз өнерінен және мақал-мәтелдері

арқылы көзге елестетіп, көңілге түюге болады. Ақылдың осындай ерекше қасиеті туралы қазақ шешендік өнерінде өз көрінісін тапқан. Мәселен, «Сөзінді тіліңе билетпе, ақылыңа билет» десе (Бөлтірік шешен), Әйтеке бидің «Ақыл деген дария, алдын тоссаң тоқырар» деген шешендік толғамы ақылдың танымдық болмыс-бітімін айқындайтын ерекше сипатын көрсетеді. Ал «Ақыл – алмас» (Сарыбай би), «Ер ақылды болғанда елден қайрат табылар» (Бекболат би) – деп айтылған шешендік тапқырлық үлгі алдыңғы айтылған кесек ойларды жалғастырып, ақылдың рухани қозғаушы ретіндегі идеяны одан әрі бекіте түседі. Сонымен, ақыл кез келген адамның таным жолында ізденуге деген құмарлығын арттырып, оны зор ықыласпен әрі құштарлықпен зерттеуге жетелейді, адамның зерделеу, талдау, жинақтау сезімдерін жетілдіреді деген түйін жасауға болады[3].

Ислам діні бойынша, ижтиһад концепциясы ақылдың қызметіне сүйенген дүниетаным әрі көзқарас болып табылады. Сонымен бірге ақыл - пайымдау, саралау және ой қорыту объектілерінің адам санасында орнығу мүмкіндігін көрсетеді. Осы тұрғыдан қазақ қоғамы ақылдың көмегімен адам жақсы мен жаманды, адалдық пен зұлымдықты ажырата алады деп көрсетіледі. Мәселен, «Ашу дұшпан, ақыл дос», «Ақылшы болса, ағайын жақын» (Қазыбек би), «Ата-ананың ақылы – қазылған қара жолмен тең», «Жақсылардың ақылы – гауһар шырақ шаммен тең» (Дулат би), «Ақылы елден артылған, ақылың болса мақтан» (Бертіс би), – деген салмақты сөздер соның дәлелі. Демек, жоғары билік иесінің шешімдері ақылдың этикалық қызметін анықтап, оның моральдік нормаларға сәйкес қызмет жасау мүмкіндігін көрсетіп берді. Адам өзіне қажеттілерді өз ақылымен шешу керек, яғни ол тек қана ақылға жүгінуді жөн көруі керек ойды негіздеді. Халық даналығы бойынша адам біреуге қиянат жасау үшін ақылын жұмсайтын болса, онда ол ақылсыз адам болады. Мысалы, «Ата малы пұл емес – баста ақыл болмаса» (Қорқыт ата), «Естіге айтқан ақыл сөз – шыңға тіккен түмен тең, ессізге айтқан ақыл сөз – құмға сіңген сумен тең», «Хан қасында ақылды би болса – қара жерге кеме жүзеді» (Майқы би), – деп айтылған мәнді де, мағыналы сөз саптаулары бұған дәлел бола алады[4, 68].

Жоғары билеушінің сөз құдіретін ақылмен бағамдаса, ақыл адалдыққа қызмет жасауы тиіс болды. Бұл жоғары билеушінің ар алдындағы рухани жауапкершілін көрсетті. Адалдық – адамның ішкі рухани болмысының мазмұндық құрылымын анықтайтын этикалық ұғым, адамгершіліктің маңызды талаптарының бірін сипаттайтын моральдық категория. Адалдықтың түпкі шығу төркіні – адал, яғни араб тілінің «рұқсат етілген», «таза» деген мағынасын беретін сөзінен келіп қалыптасқан сипаттық мазмұнды бейнелейтін танымдық ұғым. Егер таратып айтсақ, адалдық – өмірдің барлық жағдайларында адамның өз уәделеріне және қалыптасқан адамгершілік нормаларына сәйкес әрекет ету жөніндегі жоғары парасаттылық талапты білдіреді, бұл мәселе халқымыздың рухани-құқықтық өмірінде: «Адал болсаң жұртыңа, ағалыққа жарарсың», «Адалдықтан ауған ер бір кеселге жолығар» (Балпық би), «Халқыңа әділ бол, жаулыңа қатал бол! Досыңа адал бол!» (Төле би), «Адалдықты әрқашан жасырмаған елміз, адал

ниетті ақтай білген елміз» (Қазыбек би), «Арам өзін ойлайды, адал өзгесін ойлайды» (Әйтеке би), «Адал болсаң судай бол» (Жанқұтты шешен) сияқты әртүрлі өмірлік құбылыстарды салыстырудан туындайтын теңдеулерден, тұжырымдардан өрілетінін байқаймыз[4, 185]. Сонымен бірге жоғарыда айтылған шешендік иірімдерден байқайтынымыз, адалдық қасиетінің бір жағынан, адам жаратылысының рухани болмысына тән болатындығын екінші жағынан адамның адалдықтан таятын кезінің де орын алатынына хабардар етеді. Осы тұрғыдан жоғары билеушінің адалдығы, ең алдымен жеке тұлғаның өз болмысына өзінің тәуелділік қатынасын, екіншіден, оның қоршаған әлеуметтік ортасына, адамгершілік норма тұрғысындағы қатынасы, үшіншіден, адамның өз ортасына, отанына деген рухани құқықтық қатыстылығын білдіретін өлшем бірлігі деген тұжырымға келуге болады. Сондықтан болар дала тарихындағы жоғары билеуші моральдік тұрғыдан адалдықтың мән-мазмұны шеңбері, таралу аясы – шыншылдық, әділдік, принциптік, кісілік, адамгершілік, қанағаттық, ынсапшылдық, айтқан уәдесіне тұрушылық, мойнына алған істен жалтармаушылық, тазалық сияқты өресі биік қасиеттерді бойына сіңірді.

Жоғары билеушіге қойылған моральдік категориялардың түп-тамыры түркі дәрінен бастау алып қазақ дүниетанымының қазығына айналған болатын. Сөз- ақыл-адалдық-әділеттілік категориясын билік тірегі ретінде көрсете білген Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы[5]. Бұл дастанда саясат, мемлекетті басқару әдістері, билеушілердің әдептік ережелері, қоғамдық-саяси мәні бар нұсқаулар мен ережелер, адамдар арасындағы түрлі деңгейдегі қатынастар мәселелері жан-жақты қарастырылған. Ғұламаның негізгі қағидалары әділеттілік, ізгілік, парасаттылық, қанағат, бақыт, ақыл-сана, білімділік туралы болып келеді. Шығарманың негізіне әртүрлі қасиетке ие төрт билеушінің өзара әңгімесі алынған. Ол әділдікке " Күнтолды" (Ел басшы), Бақытқа "Айтолды" (уәзір), Ақылға " Өдүлміш" (уәзірдің баласы), Игілікке "Оғдұрмыш" (уәзірдің інісі) есімдерін береді. Бұл қасиеттерді жеке-жеке сипаттаған автор олардың барлығы бірдей бір билеушінің бойында болып, оған үлкен жауапкершілік артылытынын көрсетеді. Билеушінің бақыты халықпен бірге, халықтың бақыты билеушінің басты мұраты болуы тиіс. Бақыт жекелеген адамдарға ғана тән ұғым емес. Ол көпшілік сипатқа ие. Билеушілер мен әкімдер халық мүддесімен санасып билік етсе ғана елге ұнамды болады. «Билік жоғарылаған сайын жүгі ауырлайды», «Жақсы тәртіп орнат-сонда сыйлайды, опасыз халық бір уысқа сыймайды» [5]. Билік - мансап үшін берілген сыбаға емес. Билік жоғарылаған сайын жауапкершілік те күшейеді. Ең ауыр жүк - халық алдындағы жауапкершілікте. Билеушінің сыйлы болуы оның орнықтырған тәртібіне байланысты болмақ. Қандай бір қоғам немесе басқару түрі болмасын елдегі тыныштық пен бейбіт өмір жоғары билеуші орнатқан тәртіпке келіп тіреледі. Билеуші әділдіктен, заңнан аттамаса ғана қоғамда сый-құрметке ие бола алады. Саясат, Баласағұнның айтуынша, мемлекетті басқарудың сан қилы әдістерін игеру, алуан мінезді қоғамды уыстан шығармау, әлсізді қорғау, қажетті жағдайда күш те қолдана білу.

«Саясатпен жұртын, заңын түзетер, саясатпен елін-жерін күзетер. Бұл саясат бек қақпасын зерлейді, саясатпен бектер елін жөндейді. Ел былығы саясатпен арылар, алаяқтар есебінен жаңылар» - деп билікке халық мүддесіне қызмет етуге шақырады және ол заң аясында болуы тиістігін көрсетеді[5]. Ж. Баласағұнның мемлекетті басқару әдістері мен билеушінің қасиеттері туралы ақыл-кеңестері батыстың ойшылы Н. Макиавелли пікірлерімен үндесіп жатыр. Ж. Баласағұн «саясат - өнер ғана емес, ол — білім мен даналық» - деген ой қалдырса, батыс ойшылдары билеушінің елді алдап-арбау арқылы билікке жетіп, оның барлығы кейін ұмытылатыны туралы ой тастайды. «Қалың елдің қарапайым жүрегі, соны білсең, сияпатың жүреді» - деп халық сеніміне кіруді сүйіспеншілікпен жүзеге асыруды ұсынса, Н. Макиавелли де саяси билікті жүзеге асыруда сүйіспеншілік пен қорқыныштың біреуін ғана таңдау қажет болғанда екіншісіне басымдық беру қажеттігін көрсетеді[6].

Мемлекет басшысы халықтың бақылауында болу керек: «ел патшаны сақтап, құлқын түзетсін, патша елдің жанын, тәнін күзетсін» - делінген. Жүсіп Баласағұн түркі дәуіріндегі бектің ел билеу әдісіне көбірек көңіл бөледі[5]. «Билеушінің міндеттері» бөлімінде билеушіге арналған нұсқаулар мен ережелер берілген: «Ел билеуге өнер керек мың түмен, сонда ғана ашылады түн-тұман», «Әлем билеу үшін зерде-тірек қой, ел билеуге керек — ақыл, жүрек, ой», «Бағынған елді баға біл, баққан елді бұйырма арзан үкімге», «Көп ойнаған әкім елін жеп бітіреді», «Ақымақ әкімнің айналасында жарамсақтар отырады, ақылды әкімнің айналасында ақылды адамдар отырады». «Әділ бектің заңы да жоғары», «Бек тәтті өмірді сүйсе, елдің күні қараңғы», «Істі білгенге тапсыр» [5] деген ұлағатты сөздер айтқан Баласағұнның ойы бүгінгі күнде еш маңызын жоғалпаған сияқты.

Елді билеу үшін әскермен бірге зерде мен парасаттылық, ақыл мен білім және біліктілік қажет. Ол өзінді баққан елдің әділетсіз сот үкіміне ұшырамауын, бағынышты халықты басқаруға да өнер қажет екендігін ұғындырады. Билік қандай болса, оның айналасындағылар да сондай. Басшының көңілінен шығуға, оған жақсы көрінуге тырысқандар халықтың мүддесін емес, өзінің қамын күйттейтіндер. Мемлекеттің ісі дұрыс жүруі үшін басшылық қызметке іскер адамдарды тартудың тиімділігін ескерген Баласағұн: «бек істі тапсыр көзі қаныққа, жолмен әділ жүрерін де анықта» - деген талап та қояды[5]. Мемлекетті заң арқылы басқару ғана адамдардың теңдігін орнатып, ізгі қарым-қатынастар жасауға жағдай жасайды. Баласағұн шығармасындағы Күнтолды да (патша) заңды құрмет тұтады. Ол туралы шығарма авторы «заң түзелді, дүние тыншып жайланды, әділ заңмен аты аңызға айналды» - деп жазады[5] және әділдіктің өлшемі, басшылықтың сүйеніші, мемлекеттің арқауы - әділ заң деген тұжырым жасайды. Құтты билік орнату, идеалды мемлекет пен адамның кемелденуі туралы адамгершілік теориясында тек мемлекет басшылары ғана емес, барлық азаматтар ұстануы тиіс қағидаттардың тетіктерін ұсынған Жүсіптің бұл туындысын тарихи тұрғыдан дәріптеу қажет. Оның қалдырған әрбір ойы қазақ дүниетанымында өзіндік көрінісін тапқан. Билеушінің әділетті болуы

заңмен реттелінуін дәйектеу дәстүрлі қоғамының құқықтық сипатының көрнісі болып табылады.

Дәстүрлі өркениетті көшпелі қоғам моделі тұрғысынан қарағанда сыртқы сипаты қарапайым социумды құрағанымен, ішкі жағынан көлбеу иерархиялық билікті, пирамида тәрізді әлеуметтік қатарларды құрайтын күрделі қоғам ретінде қарастыруға болады. Орталық Азияның далалық аймағының тарихы номадтық пасторализммен тікелей байланысты. Дала ресурсын тиімді пайдалануда экономикалық арнайы жүйе қалыптастыра білген көшпелілер қоғамы сыртқы бақылаушыларға примитивті болып көрінуі қалыпты жағдай. Оның басты себебі отырықшыларға көшпелілер тұрмысы түсініксіз болды, бұл жағдай олар туралы мағлұматтардың жаңсақ және дұрыс түсіндірілмеуіне әкелді. Көшпелілер тарихы - қозғалыс мезгілі мен мал шаруашылығын жүргізуді және экономикалық шектеулер мен саяси ұйымын заңдылық ретінде қабылдай білуімен тығыз байланысты. Көшпелілер империясының саяси құрылымында жоғары билеушінің ішкі дәстүрлі саяси ұйымды сақтау арқылы билігі жүзеге асты. Ішкі дәстүрлі билік тайпалық ұйымның саяси ықпалына тәуелді болды. Көп жағдайда зерттеушілер көшпелілердің жаңа империясы құрылғанда тайпалық билік жүйесі жойылып, оның орнына экономикалық мүддеге негізделген мемлекет құрылуы тиіс деп түсіндірді. Бірақ көшпелілердің құрған империясындағы саяси ұйымның тайпалық бірлікте қайталануы көптеген таласты пікірлердің туындауына әкелді. Тайпалық билік түрі бұл мемлекеттің сыртқы сипаты деген тұжырымдар қарастырылды. В.В.Радлов көшпелілердің саяси ұйымын жоғары деңгейдегі иерархияға негізделген локальді басқару түрі ретінде қарастырады[6]. Сонымен қатар жоғары билікті В.В.Радлов билеушінің жеке қабілетімен байланыстырады. Көп жағдайда көшпелілерде жеке билеушінің дүниеден өтуі мемлекеттің ыдырап кетуі немесе әлсіреуін осымен байланыстырады. В.В.Бартольд дала билеушісінің көшпелілердің бірігуінде ықпалды роль атқарғанын жеке тұлғаның таңдалуын ерекше атап өтеді[7]. Зерттеулерде көшпелілердегі жоғары билеуші әскери қолбасшы ретінде қарастырылып, оның ел ішіндегі өзге атқаратын қызметтері талқыланбаған. Сонымен қатар көшпелілер құрған мемлекеттерде әулеттік билік түрі болғанына қарамастан ғасырлар бойы тайпалық ұйымның жаңа мемлекеттің пайда болуында қайталануы мемлекет және тайпалық ұйым мәселесі көшпелілер тарихының күрделі тақырыбына айналды. Көшпелілердегі мемлекет мәселесі маркстік тарихи ұстанымның зерттеушілері үшін таласты тақырып болды. Көшпелі қоғамның тайпалық базисі жойылып, оның орнына таптық қатынастардың пайда болуы бірсызықты тарихи түсінікте мемлекет қалыптасуы тиіс еді. Бірақ көшпелі империя құлап, оның орнына қайта дәстүрлі тайпалық өмір сүру жүйесі қайтalandы. Көшпелілердегі саяси көсемділік таптық теңсіздік негізінде немесе билеушінің жеке қабілеті арқылы жүзеге асуы, мемлекеттің пайда болуы ішкі дамудың нәтижесі ретінде қарастыруды көздейді. Көшпелілердегі саяси ұйымның күрделілігі көшпелі мал шаруашылығының сұранысынан әлде қайда жоғары тұрды. Зерттеушілер көшпелілер мемлекетінің эфемерлік табиғатын ерекше атаса

да, көптеген дала империялары өздерінің ұйымдастырушыларынан да ұзақ кезеңде өмір сүрді, ғұндар, түрік және монғол империяларының биліктегі әулеті отырықшы көршілеріне қарағанда тұрақтылығымен ерекшеленді. Сонымен қатар жоғарыда аталған империялар (монғол империясынан басқасы) ірі отырықшы қоғамның ықпалынсыз өзінің мемлекеттік құрылымын қолданған дала империясы болып тарихта қалды. Көшпелілерге қатысты антропологиялық зерттеулерде мемлекеттік институттардың пайда болуы көшпелі және отырықшы қоғамның арқатынасының жемісі ретінде қарастырылды. Бұл тұжырым бойынша отырықшы елдерді жаулап алу немесе олармен қатынас орнату нәтижесінде мемлекеттік институттар пайда болуын, көшпелілердегі мемлекеттің пайда болуының ішкі динамикасында билеушінің дүниеден өтуінен кейін мемлекеттің құлдырауын алғышарт ретінде ұсынды. Бірақ көшпелілер империясы отырықшылардың саяси ықпалына қарамастан мемлекеттік және тайпалық иерархияны сақтап қалуы және олардың әрқайсысының жеке функцияларының болуы бұл мәселенің тұжырымдық жағынан зерттеу қажеттілігін көрсетеді.

Көшпелі қоғамдағы әлеуметтік ұйымдасуды мемлекеттің қалыптасуының алғышарттарының бірі болып табылады. Қазіргі таңда мемлекет қалпын зерттеуде, көшпелі қоғамдағы билік мәселесі оның күрделі көсемдік арқылы қоғамдағы билік механизмдерінің жүзеге асуы қарастырылуда. Мемлекеттің пайда болуындағы интегративті және қақтығыстық тұжырымдар, мемлекеттің анықтамасындағы басты шарттар ретінде территория, демография тағы басқа факторлар мен қатар көшпелі қоғамдағы биліктің мәнін талдауды, орта ғасырлардағы қоғамның күрделі әлеуметтік белсенділігінің ықпалын баса назарға алуға тиісті тұстарын ашып береді.

Көшпелілер империялық мемлекет құрды. Ғұн империясы, Түрік және Монғол империясы өзінің территориялық кеңдігімен ерекшеленіп, билік жүргізудің күрделі қатынастарын қалыптастырды. Көшпелілер құрған империяның ерекшелігі әлеуметтік ұйымында тайпалық қатынасқа негізделген генеалогиялық көпсатылы иерархиялық белгінің болуын; империядағы үштік және екілік әкімшілікке бөлінуі; әскери- иерархиялық қоғамдық ұйымның болуын; биліктегі мұрагерлік жүйесінің ерекшелігі, құрылтайдың қызметіне, сырт жағынан алғанда автократиялық болып көрінгенімен, ішкі құрылымы тайпалық қатынасқа негізделген. Көшпелілер тұрмысы, мәдениеті және әлеуметтік-саяси құрылымы сырттан қарапайым болып көрінуі заңдылық. Сондықтан болар көшпелілер қоғамы алғашқы даму сатыдағы әлеуметтік ұйым ретінде қарау басым болды. Көшпелілер қоғамының даму деңгейі қандай болды деген сұрақты эволюциялық тұжырымды қолдайтын зерттеушілер жиі талқыға салды. Оған қатысты түрлі көзқарастар да айтылды. Зерттеушілердің бір бөлігі көшпелілер ерте мемлекеттік деңгейге жетті десе, екіншілері көшпелілер өркениеттік деңгейге көтеріле алмады деген қорытындылар жасады. Қазіргі таңда бұл сұрақтың мазмұны өзгерді. Көшпелілер тарихын зерттеушілер арасында көшпелілер қоғамы күрделі әлеуметтік ұйымдасуын дәйектей келіп көсемдіктің

шарттылығы арқылы «мемлекет»- деген ұғымға қатысты берілетін басты анықтамаларға жаңа тұжырымдар енгізді. Меншіктің болуы немесе әлеуметтік қайшылықтар емес, көшпелі қоғамдағы билік мәселесіне баса назар аударады.

Көшпелі қоғам өзіне тән ұйымдасуы, ішкі реттеушілік қызметінің құқықтық мәдениетте орын алуы, көшпелі қоғамның күрделі қатынастарға негізделген әлеуметтік ұйым болғанын көрсетеді. Әлеуметтік ортаның өзара тығыз байланыстылығы, көшпелелердің өмір сүру кеңістігінде қоғамның әр мүшесінің қызметі мен жауапгершілігінің алғашқы шарттылығы айқындалады. Осы уақытқа дейін мемлекеттің табиғи құбылысын, мемлекеттің басты белгісі ретінде территориялық анықтамасын қарастыруда оның аумағы арқылы белгіленсе, қазіргі таңда территорияның болуы жеткілікті және әсіресе көшпелілерге тән өзгеріп отыруы ескерілуде. Тарихта барлығы үнемі өзгеріп, қозғалыста болады. Көшіп-қонып көрмеген - жер қадірін не білсін, көшсе қона білмеген, қонса көше білмеген, ақылыңа көнбеген - жұрт қадірін не білсін?! Көшпелілер санасында көшіп-қону қалыпты жағдай. Көшудің басты шарттары және оның бағыттары мен тәсілдері ертеден қалыптасып әдеттік-құқықтық қатынастарда орын алған. Сондықтан көшпелілерде шекараның құқықтық негізі болды. Оның анықтамасы нақты бекіністер арқылы емес, дәстүрге негізделді. Себебі көшіп-қону маршруты ғасырлар бойы қалыптасып, өзгермейтін түрге енді. Ол шаруашылықты ұйымдастырудағы басты заңдылық болды. Көшіп-қону дәстүрі қатаң сақталып отырды. В.П.Юдин көшпелі тайпалардағы көшіп-қону маршрутының өзгеруінің себебі саяси қарсылықтың сипаты ретінде қарастыру қажеттігіне тоқталады[8]. Қазақ хандығының құрылуында Әбілхайырдың саясатына қарсы Жошы ұрпақтары Керей мен Жәнібек бастаған тайпалардың өзінің көшіп-қону бағытын өзгерткені белгілі. Мұндай саяси қарсылықтар көшу арқылы шешілгенін Қазақ хандығы құрылғаннан кейін де жалғасын тапты. Қасымның билігі күшейген тұста Бұрындықтың кетуі, Тақыр ханның кетуі т.б.

Жоғары билікке келу жолы көшпелілер арасында аса қиын болды. Себебі оның генеологиясы мен қатар (меритократия) жеке басының қабілетінің ықпалы орасан болды. Көшпелілердің билік жүйесіндегі қарсылық әрекеттер көптеген әдебиеттерде айтыла беретін қақтығысқа әкеле бермеген. Көшпелілер көп жағдайда билікке қарсылықты бейбіт жолмен шешуге тырысқандығы туралы дәстүрлі ауызша тарихи деректерде кең сақталған. Саяси қарсылық ретінде елден өз еркімен кеткен Асан Сәбитұлы немесе Жиёмбет жырау арқылы анық көруге болады. Осыған орай көшпелілердің саяси биліктегі тартысы қақтығысқа әкелді деген жаңсақ пікір қалыптаспауы тиіс, көшпелілер келісім жасауды білмесе сөзге тоқтауды, сөз қадірін ұғынуға үйренбес еді. Көшпендінің ділінде ең алдымен сабырлық, сөзде тоқтамға келу, кеңес алу, қарапайымдылық жоғары билеушісінен, кезкелген қоғам мүшесіне дейін тән болған. Көшпенді үшін алғашқы сөз болып табылады, жоғары билеушілерге өзінің кеңесін берген жыраулар, билердің Дала тарихында ерекше орын алуы да осыдан шығар. Көшпелілердегі

билікке жетудің генелогиялық шарттарына қоса жеке билеушінің ел арасындағы беделі маңызды орын алғаны. Оның «алтын ұрықтан» шығуы мен қатар ел-жұрт арасында жоғары мәртебеге ие билеуші ғана биліктің тұрақтылығын қамтамасыз ете алды.

Қытай деректерінде көшпелілердің билеушілері ашкөз ретінде сипаттай келіп, көшпелілердің жоғары билеушісі сараң деген атқа қалудан сақтанған деп көрсеткен. Көшпелілердің билеушілерінің тұрмыста қарапайымдылығы туралы Сұлық қағанға келеген араб елшісінің, қазақтың хандары туралы мұсылман, орыс, қытай деректеріндегі мағлұматтардан көре аламыз. Жасына қарай сөйлейтін, үлкенді құрметтейтін көшпелі қоғамда жас билеушілерге саяси мансапқа жетуде тосқауылдар көп болды. Еуропа тарихында әулеттік билік жас шамасына қарамай билікке мұрагер болу құқығын берді. Әрине Дала тарихында билеуші әулеттен болуы толығымен саяси билікте мұрагерлікті қамтамасыз етпеді. Себебі көшпелілерде билік ағадан ініге өту, немере ағасынан інісіне өту жүйесі сақталды. Сондықтан билікке барлық жағынан мәртебесі жоғары билеуші келді. Дала билеушілерін біз жас күнінде мұрагерліктің жолымен емес, саяси ахуалға сай іс-қимыл жасай білген, әскери қолбасшылығы арқылы танылған немесе Мөде сияқты «ысқырғыш жебелерді» ойлап тауып, оны өзінің әскери жорықтарында тиімді пайдалану арқылы билікті өз қолына алғандығын көреміз. Олардың арасынан сяньбилердің билеушісі 40 жасқа дейін өмір сүріп 26 жыл билік құрған Тяньшихайды атасақ болады. Оның дүниеге келуі, билік жолындағы күресі туралы деректердегі мағлұматтардан Шыңғысхан тағдырына ұқсас тұстарын кездестіреміз. Тяньшихай сияқты 25 жасында билікті өз қолына алуға ұмтылған Аттиланың батыс елдердің тарихында алатын орны ерекше. Әрине бұл билеушілердің ешқайсысы тумасынан билікті мұраға алған жоқ. Олар өздерінің билік жолындағы күресте жеке қасиеттерін пайдалану арқылы билікке ие болды. Олардың әрқайсысының өміріне қатысты көптеген аңыздар пайда болды. Жоғары билікті иелеуіне дәстүрі мен тәртібі Дала тарихындағы көшпелі қоғамның өзіндік ұғымдарын қалыптастырды: әлеуметтік-саяси және дүниетанымдық категорияларды атауға болады.

Дәстүрлі қоғамның билік қатынасына әлеуметтік орта ықпалын, оның құрылымын талдау арқылы дәйектеуге болады. Дәстүрлі өркениеттің әлеуметтік құрылымы түрлі деңгейдегі қатынастар мен ерекшеліктерге қарай қоғамның бөлінісі арқылы анықталды. Әлеуметтік стартификация - бұл қоғамның институционалды түрде мүмкіндіктері мен міндеттерінің бөлінуі. Гендер- әлеуметтік-мәдени атрибут, қоғамның «ер» және «әйел» санаттарына жатуы. Қоғамның ішіндегі қатынастарда гендерлік бірегейлік түсінігі қалыптасады. Оның басты ерекшелігі ретінде ер және әйел адамның билік пен беделге жету жолының мүмкіндіктерін көрсету. Дәстүрлі өркениеттегі патронимиялық қатынастың басымдылығы айқын болды. Оның басты тірегін эко-жүйеден бастап, этно-мәдени қатынасатар, дүниетаным мен тұрмыстық жағдайдың жиынтығы құрады. Дәстүрлі қоғамдағы гендерлік рольдер «орныққан статуска» тікелей байланысты болды. Әлеуметтік

құрылымдағы статус 1) отбасылық, 2) экономикалық, 3) саяси орындары арқылы сипатталды.

Дәстүрлі көшпелі өркениеттегі гендерлік стратификация көшпелі социумның ерекшеліктеріне бағынды. Батыс өркениетіндегі гендерлік қатынастар мемлекет пен шіркеудің ықпалында болса, көшпелі өркениетте барлығы туыстық а жүйесінде қарастырылды. Сондықтан көшпелі қоғамдағы «әйел» осы туыстық қатынастарды реттеудегі кепіл мен байланыс діңгегіне айналды. Көшпелі тұрмыс бастапқыдан әлеуметтік институт, моральдік, діни және құқықтық нормаларды, ойлау түсінігі мен менталитетті, мәдени-философиялық кеңістікті қалыптастырды. Көшпелі қоғамның табиғатпен етене байланысы, «сый» алу және беру экономикалық қатынасының шарты болды. Көшпелі шаруашылықтағы бұл ұғымды отырықшылар қолданатын айырбас, өсім немесе қор жинаумен қатар қолдану мүмкін емес. Көшпелі қоғамның тұтыну мүмкіндіктерін, отырықшылардың тұтынушылық сұранысымен салыстыруға болмайды. Көшпелі үшін қанағат тұрмыстық қағида болды, артық шығынды ысырапқа теңеген.

Тұрмыстық түсінік әйелдің көшпелі қоғамдағы орынын тиімді ашты. Көшпелі өмірдегі «сүйікті жар бейнесін», «асыл ана бейнесін», «ақылшы, бағыттаушы, жауынгер әйел бейнесін» ауызша тарихнамадан табамыз. Мұнда ер және әйелдің рухани бейнесі ерлікке ұмтылған адамның тұлғасы болып табылды. Көшпелі қоғамның дүниетанымында ер адам сыртқы «белсенді» болса, әйел бейнесі «адал». Осыған орай, қоғамдағы гендерлік рольдік орынды қазақтың мақалдары нақты көрсете білген. Мысалы: «Еркек түздің көркі, әйел үйдің көркі», «Адалынан жар сүйсең, оңғарылар бар ісің» деген. Тіптен кейбір тұста батыл және берік ұстанымдары болған әйел бейнесін сипаттау бағыты басым болды. Айталық, «Ер Тарғын» жырында Ақшаханның қызы Ақжүніс күйеу жігіт Тарғынды өзі таңдаса, «Қыз-Жібек» дастанында да Жібектің Төлегенге көңілі ауады. Сондай-ақ, «Дудар қыз» және «Күн астындағы Күнекей қыз» ертегілерінде қыз жігітті өзі таңдап, оған шарт қояды. Яғни, көшпелі қоғамда қыздың күйеуді таңдауы кең етек алмаса да, жыр-дастандарда мұндай элементтердің аз да болса ұшырасуы әйелдің шешім қабылдау қабілеттілігінің көрінісі ретінде баға беруге болады.

Көшпелілердің гендерлік бағытында ер және әйел тұлғалықтың шыңына жетуді көздеді. Гендерлік стратификация туралы тоқталсақ ол көшпелі қоғамдағы әлеуметтік стратификацияның, жеке индивидтің жыныстық ерекшелігіне сәйкес бөлінуіне тікелей байланысты болды. Яғни, ер және әйел адамның конституциясы бойынша таңдаулы ролдік стратификация болды. Отырықшы қоғамға тән жыныстық теңсіздік түсінігі туындамады. Қоғамдағы әйел орны – таңдаулы болған. Сондықтан ішкі социумда әйел өзін белсенді танытып, үйлестіруші болса, ер адам қорғаушы, қамқоршы, сыртқы әлеммен байланыстырушы болды. Көшпелі қоғамдағы мұндай ерекшеліктердің болуы экстенсивті дамуға бағытталған тұрмыстың жинақтаушысы роліндегі әйел образымен байланыстыруға болады. Көшпелі қоғамның дәстүрлілігінің ерекшелігі, олардың өмір сүру салтымен тікелей байланысты болды.

Көшпелілердің тарихындағы сақ, ғұн, түркі дәуірінде әскери өнерді меңгерген тайпалар территориялық иеліктер үшін шайқасты үздіксіз жүргізді. Оған көшпелі қоғамдағы ер бала мен қыз бала теңдей дәрежеде дайындықтан өтетін болған. Сақ жауынгерлері 13 жастан әскери дайындықтан өтіп отырса, ғұндарда оның арнайы тәртібі болды. Бұл тәртіп кейбір жағдайларға байланысты жыныстық белгі бойынша бөлінбеді. Осы үдеріс кейінгі тарихи кезеңдерде ер мен әйел бейнесінде серпіліс тапты. Түркі дәуіріндегі әйел образы билікке байланысты жиі айтылады. Оның бір сипаты ретінде түріктердің биліктегі дүниетанымында гинекратиялық түсініктің болуын айқындап береді. Сонымен қатар, «Тәңірі» мен «Ұмай ана» түркі дәуірінің гендерлік сипатын ашып берді. Мұнда «Тәңірі» жаратушы болса, «Ұмай ана» ұрпақ жалғастығын жебеуші мейірімді рухани күш саналады. Ер мен әйелдің гендерлік стратификациясы ерара қайшылықсыз бағытта көшпелі қоғамда дамуына мүмкіндік берді.

Түркілер әйелді күнделікті тұрмыста шаңырақтың бір уығын көтерісетін ер адамның қосағы деп ғана түсінген жоқ, әйел затын қасиетті «Ұмай ананың» сарқыты деп бағалады. Биліктің нысаны ретінде билеушіге кеңес берген ақылшы әйел, аңқау батырды қиындықтан айлакерлігімен құтқарған сұлу бейнесі түркі дастандарының мазмұнында кездесіп, олардың өзара сыйластығы тамаша баяндалған. Түркі кезеңінің данасы Қорқыт атаның пайымдауынша әйел төрт түрлі болады. Оның бірі - ниеті кураған әйел, екіншісі - ынсапсыз әйел, үшіншісі - үйдің құты болған әйел, төртіншісі - кесір әйел. Әйел біткеннің ең жаманы осы. Отбасының құты (тірегі) болған әйел даладан бір қонақ келсе, үйінде ері болмаса да, оған сусын беріп, бар дәмін алдына қояды, сыйлап аттандырып салады. Бұлар - Айша мен Фатимадан бата алған әйелдер. Хан ием, мұндай әйелдер өссе де көп емес, бәлкі аз. Сіздің ошағыңызға да сондай әйел кез болсын. Одан соңғысы - ынсапсыз, қанағатсыз әйел. Ондай әйел таңертең төсегінен тұрып, беті-қолын жумастан тоғыз тоқаштың бәрін аударыстырып, ең тәуірін тандап жейді, аузын томпайтады, бір шелек айранды басына көтеріп, қарынды қампитады, содан соң маңдайын сабалап, жылана бастайды да: Қараң қалғыр, осы күйше мен қайдан душар болдым. Бір күн қарным тойып ас ішпедім, жүзіме күлкі келмеді, аяғыма ілген кебісім болмады, бетімнен перде түспеді. Ерім өліп басқаға тисем, бағым ашылар еді, сол үмітім өшпесін», - дейді. Хан ием, ондай әйел мың болса да, өсіп-өнбесін, сіздің ошағыңызға кез бола көрмесін. Одан соңғысын салақ әйел дейміз. Ондай әйел төсегінен тұрған соң беті-қолын жуады, үйдің ол шеті мен бұл шетіне қарайды да, күбіні абыл-құбыл пісіп, көрпе-төсегін жинайды. Содан соң «шуу!» - деп ауыл кезіп, түс қайта үйіне оралады. Келсе үйі ұрланған, қазан-аяғын ит жалаған, бие-бұзау сүйкеніп, үйдің қорадағы байлаулы қалған сиыры мөңірейді. Келе сала әйел көршілеріне барып, шаптыға бастайды: «Ау, қыздар-ау, Зылихам, Зубайрам, Руғейдам, бикештерім. Уа, азамат туған жігіт-желендерім, Айна-Мәлік, Құтлы-Мәлік қайда едіңдер? Ойбай-ау, үйім құлап қалыпты, түнде қайда жатамыз? Мені ерігіп жүр дедіңдер ме? Зәру жұмыс болған соң кетіп едім ғой. Үйіме неге көз қырын салмадыңдар? «Көрші ақысы - Тәңір ақысы деген

кайда? - деп, безек қағады. Хан ием, ондай әйел мың болса да өсіп-өнбесін, сіздің ошағыңызға кез болмасын. Ең соңғысы - адам тілін алмайтын кесір (қырсық) әйел. Үйге түзден бір ұятты қонақ келіп, ері оған: «Орныңнан тұрып, нан әкел, желік, қонағың да жесін» - десе, әйелі еріне: «Үйде піскен нан жоқ», - дейді. «Барынды бер», десе, әйелі: «Не сандалып отырсың, үйіңнің әлдеқашан қу молаға айналғанын білмейсің бе? Үйде ұн жоқ, диірменге кеткен түйе қайтқан жоқ, оның не әкелері белгісіз. Дастарханымды жемесе, берерім жоқ», - деп бармағын көрсетеді, еріне сыртын беріп, дастарханды кісі алдына лақтырып тастайды. Ондай әйелге мың сөз айтсаң, соның бәріне жауап қатады, бірақ ерінің айтқанын құлаққа ілмейді. Ондай әйелді Нұх пайғамбардың көз жасынан пайда болғандар дейміз. Хан ием, сізді Алла осындай әйелдерден сақтасын, ондай әйел сіздің ошағыңызға кез болмасын»[9]. Қорқыт бабамыз ер адамның өмірлік жар таңдауы билеушіден бастап, барлығына арналған кеңесте бақыттың кілті әйел қолында деп түсінідіріледі.

Моңғол дәуірінде осы идея өзінің жалғасын тапты. Шыңғыс хан өз заманында білігінде ер мен әйелдің орнын нақты ашып береді. Білікте қоғамдағы әйелдің алатын орнына баға берілген. Отбасының берекесі мен тазалығы көбінесе әйелге байланысты, жақсы әйел таңдауға Шыңғыс ханда көп көңіл бөлінген. Қай тарихи кезеңді алсақ та, әйелге қойылатын талап ортақ. Сондықтан ер адамның қоғам ішіндегі беделі әйеліне қатысты болуын білікте аталып өткен: «ер адам барлық жерде бірдей қажет көрініп тұратын күн емес. Ері аң аулауға немесе соғысқа кеткен кезде әйелі үйді таза, әрі жинақы ұстап, елші немесе қонақ тоқтаған кезде оған дәмді тағам дайындап, қонаққа көрсетілетін барлық сый-сияпатты жасауы қажет. Мұндай әйел ерінің беделін үлкен жиындарда тау іспеттес көтереді. Күйеуінің жақсы екенін әйелінің жақсы қасиеттері арқылы білуге болады. Егер әйелі ақылсыз, әдепсіз болса, күйеуін осы арқылы тануға болады. Үйдегінің бәрі иесіне тартады» [10]. Шыңғыс ханның түменді сайлауда, отбасына қонаққа баратын дәстүрі болған, білігінде отбасын ұйытып отырған ер адамға әскер басқаруды тапсыруға болады деп шешкен.

Моңғол дәуірінде қоғам ішіндегі әйел орынын танып білу арқылы, көшпелі қоғамдағы гендерлік стратификацияны жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. XIII ғасырдың 40-жылдары Платано Карпини «әйелдер теріден киім, етік тігіп, арбаны тізгіндеп, оны жөндеп, өз істеріне өте жылдам» деп сипаттайды[11]. «Әйелдері арбаның үсітне үй тігіп, оны жинап, құрт-май жасап, теріден түрлі киімдер тігетін» іскерлігі туралы бізге Рубрук жеткізеді[12]. Бұл кезеңдегі қытай деректерінде көшіп қонудағы барлық шаруаны атқару әйел міндеті деп баяндалады. Көшпелі қоғамдағы ер мен әйелдің міндеті мен жауапкершілігі кейбір шаруаларындағы ортақтық туралы мәліметтер айтады. Үй тігуде, мал бағу немесе садақ атуды ер мен әйел адам қатар орындай алуын, деректерде ерекше атап өтеді. Бұл көшпелі қоғамға тән құбылыс болды.

Дәстүрлі өркениеттің мұрагері қазақ қоғамындағы гендерлік стратификация өзіне дейінгі өмір сүрген әлеуметтік ортаның сипаттық

сабақтастығы болды. Қазақ қоғамындағы ер мен әйелдің орны туралы мәлеметтерді П.Е. Маковецкий, Н.И. Гродеков, И.Г. Андреев, А.И. Левшин еңбектерінен кездестіреміз. Қазақтың әдеттік құқықтарының баптарында әйелге қатысты құн төлеудегі айырмашылық айқын көрінеді. Қоғамдағы түркі дәуірінен келе жатқан құндылықтардың кейбірінің өзгеріске ұшырауын айқын көруге болады. Қалай дегенмен әдеттегі құқық толығымен бізге гендерлік санатты толық ашуға мүмкіндік бермейді. Қазақтың дүниетанымын оның тұрмыс-тіршілігімен айшықтауға болады. Оның ішінде әйел мен ердің қоғамдағы ролдік орны дәстүрлі түсініктермен сипатталды. Мысалы: «Еркек үйдің иесі, әйел үйдің шегесі» деп, әйел мен еркектің міндеттерін, мүмкіндіктерін, жауапкершілікті тұсын ашып береді. Көшпелі тұрмысқа тән түсінікте еркек шаңырақ иесі саналса, әйел сол отаудың отын жағып, берекесін келтіруші. Сонымен қатар қоғамдағы өзара сый және теңдік үйлесіп отырды, мәселен мына мақал оны бізге түсіндіріп береді: «әйел жерден шыққан жоқ, ол да еркектің баласы, еркек көктен түскен жоқ, әйел оның анасы».

Дәстүрлі көшпелі қоғамның саяси түсінігінде қолданылатын дүниетанымдық категория «Құт-Береке» ұғымы әлеуметтік ортада ер мен әйел түсінігімен бағамдауға болады. Мұнда ер адамға тән қасиеттер шешім қабылдай білуі, қамқорлығы «құт» ұғымына және молшылық пен тыныштықтың белгісі «береке» әйелге қатысты ұғымға үйлесуі дәстүрлі қоғамның гендерлік стратификациясының теңдігін сақтап отырды.

Әдебиеттер:

1. Ибн Халдун. ал-Мукаддимы. под редакцией 'Абд ас-Салама аш-Шаддади ад-Дар ал-Байда:, Байт ал-фунун ва-л-'улум ва-л-'адаб, 2005.
2. Рассел Б. Мудрость Запада: Ист. исслед. зап. философии в связи с обществ. и полит. обстоятельствами / Ред. П. Фулкес;.- М.: Республика, 1998.
3. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2009. Т. 56: Тарихи жырлар. 408 бет.
4. Төреқұлов Н. Қазақтың би-шешендері . 1, 2 кітап: XIII-XVII, XVIII-XIX ғғ. – А- 1993. 400 б.
5. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 5-т.; Ж.Баласағұн. Құтты білік/ көне тіркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ.Егеубаев. – Алматы: Таймас, 2007. – 536 б. Жүсіп Баласағұн Құтты білік. Алматы, 1986, 378 б.
6. Радлов В.В. Краткий отчет о поездке в Семиреченскую область летом 1869 г. // Известия РГО. Т.6. №3, с. 99.
7. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч., т. I, М., 1963.
8. «Алтын тобчы» 185 бет. Қазақстан тарихы туралы монғол деректемелері. 2 том. Алматы, «Дайк-Пресс» 2005.

9. Қорқыт ата кітабы оғыздардың батырлық жырлары: Орыс тілінен аударған Ә. Қоңыратбаев, М.Байділдаиев. - Алматы: Жазушы, 1986.
- 10.Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т.1, кн.1. М-Л, 1952. 259-266 бб.
- 11.Плано Карпини Дж. д. История Монголов. Путешествие в восточные страны Плано Карпини и Рубрука. -М., 1957, - б. 37.
- 12.Гильом де Рубрук. Путешествие в Восточные страны. Путешествие в Восточные страны Плано Карпини и Рубрука. - М., 1957, - б. 100-101;